

Тақырыбы: Артикуляциялық жаттығулар.

Мақсаты: үй жағдайында оқушылардың сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шынықтыра отырып, мүшелердің қимыл-қозғалыстарын қалыптастыру.


Тыныс алу жаттығуы:

«Футбол» Алаңның ортасына – үстелге – кішігірім мақта бөлігі (доп орнына) қойылады. Допты үрлеп қақпаға кіргізуге тырысу керек. Қақпа шекарасын қарындаштың көмегімен не басқа да тәсілдермен белгілеуге болады.




Артикуляциялық жаттығуларды орындау.

«Пілдің тұмсығы» Еріндер біріктірілген және алға қарай қатты созылады.




«Тісімізді тазалаймыз»

Жымыып, тістерді көрсету. Ауызды ашып, тілдің ұшымен жан - жаққа, одан кейін жоғарыдан төмен қарай қозғалыстарды жасау.





«Тарақ»



Жоғарғы тістер тілді «тарайды». Кемінде 10-15рет қайталау.





«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 5-10 рет қайталау керек.



«Тәтті тосап» - жалпақ тілді шығарып, жоғарға ерінді жалап, тілді ауыз қуысына тереңірек апару.(15 рет қайталау)



«**Әткеншек**» - жымып, тістерін көрсетіп, аузын ашып, жалпақ тілді астыңғы тістердің артына (ауыз қуысының ішінде) орналастыру. Осы қалыпта тілді жоғары көтеріп дәл осылай істеу.



Артикуляциялық жаттығулар

Мұғалім-логопед: Бауыржан Құралай

